

**Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі
және экология орталығы**

***«Жас өлкетанушылар» 1,2 үйірмелерінің
2015-2016 оқу жылдарындағы есебі***

Орындаған: Р. Альмуханова
қосымша білім беру педагогы

Орал қ, 2016 жыл

Өлкетанумен айналысу барысында оқушылардың патриоттық, танымдық, эстетикалық қабілеттерін дамытып, денсаулықтарын шынықтырып, бос уақыттарын тиімді пайдаланады. Үйірменің мақсаты: оқушыларды тек туған жерінің тарихын оқытып қана қоймай, мәдени деңгейіне, тарихы мен өнеріне, әдебиетіне деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылыққа тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар туристік шеберліктерін дамыту болып табылады.

Осы мақсатты жүзеге асыру бағытында жыл басында «Жас өлкетанушылар-1», «Жас өлкетанушылар-2» (Жетекші: Р.С.Альмуханова) үйірмелерінің арналған жылдық жұмыс жоспары мен бағдарламасы бекітілді. Үйірмеге №46 мектептің 7 сынып оқушылары қамтылды.

2015-2016 оқу жылдарында Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының ұйымдастырған іс-шараларға белсене қатысып, жүлделі орындар иеленді.

Қыркүйек айының 27 жұлдызында дәстүрлі «Алғашқы алау» іс шарасына қатысты. Үйірмешілілер арасындағы күзгі спорттық бағдарлау жарысында «Лабиринт» қашықтығы бойынша Бараков Алмас 1 орын, Жұмагельдиева Дильяра 3 орын,



қазан айында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай өткізілген үйірмешілер арасындағы экскурсиялық жарысында орта топтар арасында «Жас өлкетанушылар 2» үйірмесі - 3 орын, «Жас өлкетанушылар 1» үйірмесі – 2 орын,



үйірмешілер арасында өткізілген күзгі «Алтын дала» туриадасында үйірме оқушысы Жұмагельдиева Дильяра «Жеке» қашықтығы бойынша – 2 орын,



«Менің Отаным-Қазақстан» мәнерлеп оқу іс-шарасына оқушылар белсене қатысып, грамоталармен марапатталды. Экология бөлімінің өткізген «Бердинг» жарысына қатысты. ОБЖТЖЭО – ның ұйымдастыруымен өткізілетін қысқы демалыс кезіндегі «Зимушка-зима» және көктемгі «Самал» туристік лагерінің өткізген 1 күндік демалысына қатысып, танымдық ойындарға белсене араласып, жақсы демалып қайтты.





Сонымен қатар үйірме оқушыларымен қаңтардың 15-і күні өлкетанушы, тарихшы, мұражай ардагері, өлке тарихында өшпес із қалдырған Сара Есқайырқызына арналған «Өмірім Ақ Жайықпен өрнектелген» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Шара өз мақсатына жетті. Оқушылар белсене қатысты.



Ақпан айында үйірме оқушыларымен «Самал» ТЛ – Садов көлі – «Евразия»



ТСК маршруты бойынша шаңғы жорығына шықтық. 2016 жылдың 24 сәуір күні үйірмешілік экскурсиялық бағдарлау жарысында 3 орын және өлкетанулық білімдерін бағаланып, грамоталармен марапатталды.

Үйірме оқушылары «Қош келдің әз Наурыз!» және «Масленица» мерекелік шараларына қатысты. Өз қалаларын танып білу мақсатында Облыстық тарихи-өлкетану музейіне, Пугачев музейіне экскурсия жасады. Сонымен қатар «Өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық» бөлімінің ұйымдастырған «Қазақстанның жеті кереметі» экспедициясына үйірмеден 2 оқушы қатысып, Түркістан қаласының тарихымен танысып келді.



«Евразия» ТСК –де ұйымдастырылған Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай өткізілген «Қарлығаш» туриадасында қатысып, 3 орын иеленді. Сонымен қатар үйірме жұмысын қорытындылау мақсатында мамырдың 21-22 күндері арасында жорық ұйымдастырылды.



Жас өлкетанушылар» 1,2
үйірмелерінің жетекшісі:

Р. С. Альмуханова

